



СКАНДИНАВИЯ САПАРЫ ЖЫЛЫ ЖҰЗДЕСУЛЕР МЕН СӘТТИ СҮХБАТТАРҒА ТОЛЫ БОЛДЫ

Қазақстанның Скандинавиядағы үшінші мемлекет – Норвегиямен қарым-қатынасы еліміз егемендік алған алғашқы елең-алаң шактардан бастау алады. Ежелгі норманн жұртының өкілдері біздің тәуелсіздігімізді екі апта өтер-өтпестен таныған санаулы елдердің бірі болды. Басында солай жақсы ииетпен қалыптасқан байланыс күні бүтінге дейін үздіксіз өсу үстінде келеді. Мұны Қазақстан Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов бастаған делегацияның осы елге жасаған сапары да айғақтап берді.

Наурызының 21-і күні өткен жұмыстың жүлгесі министр үшін бұл жолы да бұқаралық акпарат құралдарының өкілдеріне сұхбат беруден басталды. Оны таң азаннан «Grand Hotel» мейманханасында «Dagens Naerinsliv» атты беделді газет тілшілері күтіп тұрды. Біздің норвегиялық әріптестерімізге Ерлан Ыдырысов атап өткендей, осы реттегі сапарға Скандинавияның Финляндия, Швеция және Норвегия сынды елдері бекер таңдап алынған жоқ. Аталмыш үш мемлекет те экономикалық жағынан жоғары қарқынмен дамып келе жатқан елдер қатарынан табылады. Дамудың өзіндік жақсы жолдарын таңдап алған олардың барлығы экологиялық жағынан таза, қоршаған ортаға залал келтірмейтін баламалы негіздегі энергия өндіруде, өндіріске «жасыл» технология енгізуде айтартылған зор табыстарға жетіп келеді. Сондықтан да бұл елдер осы мәселені басты идеясы етіп көтерген Астананың 2017 жылы «ЭКСПО» мамандандырылған халықаралық көрмесін өткізуі үшін бір ауыздан дауыс берді.

Осы мәселелер Ерлан Ыдырысовтың кейін Норвегия Корольдігі Мұнай және энергетика министрі Ула Бортен Моэмен кездесуі кезінде де кеңінен қамтылып айтылды. Мұнай өнімдерін шығару жағынан әлемде төртінші позицияда тұрған норвегтерден біздің алатын өнегеміз де аз емес. Бұл елдің шығарған мұнайы мен газына Батыс Еуропа елдері қашаннан зәру. Мұны жалпы жиынтығы 1271 шақырымды құрайтын 8 магистральды мұнай құбыры мен жалпы ұзындығы 5534 шақырымды алатын 14 газ құбыры қамтамасыз етіп отырады. Тұрғындардың өмір сүруі мен әлеуметтік қамтылуы деңгейі жағынан әлемде көш басындағы ел энергиялық ресурстарды экспортқа шығару көрсеткіші бойынша үшінші орында тұр. Мемлекеттің кредит-қаржы саласындағы ұстанымы да жоғары. Қазақстан үшін бұлардың улгі болатын тұстары жетерлік. Кездесуде тараптар бұдан бөлек, Астанада өтетін «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін үйімдастыру мәселелері, энерготиімділік, қоршаған ортаны қорғау, «жасыл» технология салаларындағы норвег тәжірибесін үйрену мүмкіндігін талқыла салды. Қазақстан Сыртқы істер министрінің келесі кездескен тұлғасы Норвегия Парламенті – Стортингтің вице-президенті Марит Нюбак ханым болды. Айта кету керек, екі ел арасындағы осы парламентаралық ынтымақтастық қашаннан екіжақты саяси үнқатысулардың маңызды бөлшегі болып табылады. Бұл ретте Норвегия Стортингінің халықаралық істер жөніндегі

комитеті мүшесі, Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы норвег делегациясының басшысы Мортон Хоглунд едәуір белсененділік танытты. Тараптар әңгіме барысында сондай-ақ, Қазақ елінің ядролық қарудан бас тарту жөніндегі тәжірибесін әлемдік деңгейде әлі де кеңінен насиҳаттай тұсудің маңызына тоқталды. Бұл жөніндегі Осло келісімінің де қазіргі дүниені тыныштандыруға қосқан улесі аз емес. Саяси тұрғыдан келгенде, Норвегия да жер бетіне ядролық қаруды таратпауды қызу қолдайды. Сондықтан осы мақсатта Қазақстанмен тізе қосып жұмыс жасауды парыз санайды.

Ерлан Ыдырысов келесі кезекте Норвегия Корольдігі Сыртқы істер министрі Эспен Барт Эйдемен жүздесті. Өзара түсіністікті әңгіменің тізгінқағар тұсында екі елдің бұрыннан қалыптасқан байланыс бағамы ауызға алынды. Ал оның арна тартар алаңы 1992 жылдың 2 қаңтары күні Норвегияның Қазақстан тәуелсіздігін таныған сәтінен басталады. Сол жылғы маусым айында екі ел арасында дипломатиялық байланыс орнады. 2004 жылғы маусымда Қазақстан өзінің Ослодағы дипломатиялық миссиясын ашты. Ол 2012 жылғы наурыз айында Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен өзіндік елшілікке айналды.

Осындағанда иігі қадамдарды еске алып өткен әріптестер бұдан әрі екі елдің мұнай-газ саласындағы, «жасыл» экономика тақырыбындағы ынтымақтастығын ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесімен байланыстыра қарастырды. Тараптар халықаралық мәселеге келгенде, Ауғанстан мен Сириядағы ахуал мен оған шекаралас аумактардағы өзекті жайттардың жайын айтЫП өтті.

Кездесудің қорытындысында Е. Ыдырысов пен Э.Эйде Қазақстан мен Норвегия Сыртқы істер министрліктерінің арасындағы өзара түсіністік меморандумына қол қойды. Норвегия министрі сөзінің соңында делегация мүшелерін келе жатқан Наурыз мерекесімен құттықтады. Осының соңын ала Қазақстан Сыртқы істер ведомствоның басшысы Норвегияның NRK телерадио компаниясы тілшілеріне сұхбат беріп, Скандинавия елдеріне жасалған өзіндік турненің мәні мен маңызын баяндап шықты. Содан кейін NUPI халықаралық қатынастар институтында дәріс оқыды.